



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

(Филология факультеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы)



АҚТӨБЕ, 2025

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Редакциясын басқарған Л.Ч.Карабасова

**Ақтөбе
2025**

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№__ хаттама, 2025 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2025-2026 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2025. – 18 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Филология факультетінің магистранттарына арналған және білім бағдарламалары бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Ш.Абдирова, Б.Олжабаев, Д.Бекниязова.

**© Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті, 2025.
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә.Молдағұлова даңғылы, 34**

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Білім бағдарламалары бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті магистрант!

Каталогта Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!



**Элективті модульдер каталогының
құрылымы мен мазмұнының үлгісі**

Мамандық атауы және шифры: 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті
Оқу мерзімі: 2 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль1-Жалпы білім беру				
БП ЖК	GTF 5201	Ғылым тарихы және философиясы	1	3
БП ЖК	ShT(K) 5202	Шет тілі (кәсіби)	1	3
БП ЖК	ZhMP 5203	Жоғары мектеп педагогикасы	1	3
БП ЖК	BP 5204	Басқару психологиясы	1	3
КП ЖК	GZYZh 5205	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	1	3
Модуль 2.1 –Тіл білімі және оқыту				
КП ЖК	FPOAN 5301	Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері	1	5
БП ТК	TBMA 5206	Тіл біліміндегі мәдени аспекті	1	5
Модуль 2.2 –Когнитивтік лингвистика және оқыту әдіснамасы				
КП ЖК	FPOAN 5301	Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері	1	5
БП ТК	DKLT 5206	Дәстүрлі және когнитивтік лингвистикадағы терминдер	1	5
Модуль 3.1 –Тіл білімі мен поэтика мәселелері				
БП ТК	TBNM 5207	Тіл біліміндегі неологизация мәселесі	2	5
БП ТК	LI 5208	Лингвистикалық имиджология	2	5
КП ЖК	TGZh 5302	Тілдің гендерлік жіктелімі	2	5
КП ЖК	MP 5303	Мифопоэтика	2	4
Модуль 3.2 – Қазіргі тіл білімі мен әдебиетінің өзекті мәселелері				
БП ТК	KTbZhBZA 5207	Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі	2	5
БП ТК	KUATL 5208	Кеңістік пен уақыт аралығындағы түркі лингвофилософиясы	2	5
КП ЖК	TGZh 5302	Тілдің гендерлік жіктелімі	2	5
КП ЖК	MP 5303	Мифопоэтика	2	4

Модуль 1 - Жалпы білім беру

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ғылым тарихы және философиясы

Бағдарлама авторы: Сәрсембин Ү.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: «Ғылым тарихы және философиясы» атты пәнді оқытудағы мақсат ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеулердің түрлері мен негізгі әдістерін үйрету, дүниетанымдық көзқарасты кеңейту, ғылымның қоғам дамуындағы алатын орнын түсіндіру болып табылады. Соның ішінде қазіргі ғылымның әдіс-тәсілдерін білу ғылыми шығармашылықты үйренуде қажет міндеттің бірі болып есептеледі. Осыған орай магистрант өзінің кәсіби қызметін жетілдіруде оқып үйренетін дүниетанымдық, философиялық, танымдық, логикалық және әдістемелік білімдерді иеленумен қатар ғылыми зерттеу дағдыларын да меңгеруі тиіс.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жоғары оқу орнында білім алушы магистрант «Ғылым тарихы және философиясы» курсына барысында, болашақ маман және кәсіби ғалым ретінде шығармашылық ойлау мәдениетін толық меңгеруге дағдыланады. Ғылымның тарихы мен қалыптасу ерекшеліктерін, мәдениеттегі философияның рөлін, ғылыми танымның әдіс-тәсілдерін үйренеді. Қазіргі ғылымның даму ерекшеліктерін, жаңа ғылым түрлерін дамыту бағытындағы мемлекет саясатының өміршеңдігін түсінеді. Сонымен қатар курс бойынша оқылатын негізгі тақырыптар жас ғалымдардың кәсіби деңгейін қалыптастыруға көмектеседі.

Пререквизиттері: «Ғылым тарихы және философиясы» курсына оқып үйрену үшін магистрантта философия тарихы және теориясы, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары және мамандандырылған пәндерден білімі болуы тиіс.

Постреквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясын оқып үйрену барысында алынған білім болашақ маманның ғылыми білім әдістемесінің қалыптасуына ықпал етеді, сондай ақ ғылыми зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытады.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Пәнді толық игеру нәтижесінде магистрант ғылымның қалыптасу тарихы мен философиясы, соның ішінде ғылыми танымның құрылымы мен қызметтері, ғылыми зерттеудің әдістері жайында алған білімдерін кәсіби салада қолдана алады. Сонымен қатар қазіргі уақытта қалыптасып жатқан ғылымның жаңа бағыттарын біледі, осы мақсатта отандық ғылымның дамуына қажетті жаңа тәжірибелерді қалыптастыру қабілетіне де ие бола алады.

Дублин дескрипторлары: А);В);С);D);E).

Наименование дисциплины: Иностранный язык (профессиональный)

Автор программы:

Цель изучения курса: Краткое содержание дисциплины: формирование иноязычных навыков для интеграции в профессиональную сферу на международном уровне, использования английского языка как средства в межкультурной и профессиональной коммуникации, а также для перевода научных трудов зарубежных ученых и освоения зарубежного опыта в области переводоведения и межкультурной коммуникации, для совершенствования умений перевода информации в устной и письменной форме, используемой в профессиональной деятельности.

Пререквизиты: Академическое чтение, аудирование и письмо, Иностранный язык для специальных и академических целей C1-C2

Постреквизиты: Практика формирования текстовой компетенции, Знания, полученные в ходе изучения Иностранный язык (профессиональный) способствуют развитию навыков научно-исследовательской деятельности

Ожидаемые результаты: Владеет устной и письменной профессиональной лексикой в объеме, необходимом для эффективной коммуникации в академической и профессиональной среде; Применяет стратегию академического письма при составлении аннотаций, рефератов, рецензий и фрагментов магистерской диссертации на иностранном

языке.; Участвует в научных дискуссиях, круглых столах и конференциях с докладами на иностранном языке; Развивает навыки самопрезентации, подготовки резюме, мотивационных писем и заявок на участие в международных проектах и программах.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Жоғары мектептің педагогикасы

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Тоғайбаева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Магистранттарға негізгі кәсіби-педагогикалық мәдениетті меңгерту және жоғары мектеп педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерімен қаруландырып, қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеуді жоспарлау, ұйымдастыру технологияларымен, ЖОО білім беру үдерісінде оқытушы мен білім алушының өзара әрекетінің қарым-қатынасы технологиясымен таныстыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Бұл пәнді оқудың мақсаты жоғары кәсіби білім берудің теориялық және практикалық мәселелері болып табылады. Жоғары оқу орындарының педагогикасы білім беру заңдылықтары мен принциптері, жоғары кәсіби білім беру құралдары мен әдістері туралы білімнің дамуын зерттейді. Пәнді меңгеру нәтижесінде магистранттар Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің дамуын, оның негізгі міндеттерін біледі. Сонымен қатар педагогикалық процесті басқарудың ғылыми аспектілері және заманауи педагогикалық технологияларды қолдану туралы білімдері қалыптасады.

Прекреквизиттер: «Жоғары мектеп педагогикасы» курсын терең меңгеруі үшін бакалавр деңгейінде философия, жалпы педагогика және жалпы психология пәндері саласынан бұрын игерген кәсіби білім, іскерлік және дағдыларды негізге алады.

Постреквизиттер: «Жоғары мектеп педагогикасы» курсы бойынша алған білім, біліктерін магистранттар 2-4 оқу семестрлерінде жүргізілетін оқу курстары «Болашақ мамандарды кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындаудың әдіснамасы мен әдістемесі», «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», «ЖОО имиджі» сынды т.т. және кәсіптік «Педагогикалық практика» бағытындағы орындалатын педагогикалық тәжірибе жұмыстарының барысында сапалы зерттеушілік-шығармашылық іскерлік, дағдыларды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы саласында өзін-өзі жетілдіруге және заманауи кәсіпқойлыққа бағытталған білім беру саласында іргелі білім мен дағдыларды пайдаланады;

B) Жоғары мектеп педагогикасы саласында өзін-өзі жетілдіруге және заманауи кәсіби жоғары деңгейге бейімдеп, табысқа жетуге бағыттай алуы;

C) ЖОО-ғы тұтас педагогикалық процесс, оның құрылымы жөнінде кәсіби білімдер мен түсініктер жүйесін, оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін, құралдарын, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын білуі;

D) Жеке және кәсіби іс-әрекеттердегі шеберлігі мен техникасы жоғары, медиабілім беру технологияларын пайдалануға қабілетті, тұлғаның әлеуметтену үдерісін және эмоционалдық интелектіні басқару қабілетін меңгерген;

E) Адами капиталды дамытудағы ұлттық құндылықтарды жан-жақты, терең меңгерген, педагогика мен психологиядағы классикалық инновациялық тұғырлар сабақтастығын ұстана алатын құзыретті маман тұлғасының қалыптасуы; Білім мен тәрбие беруді басқарудағы инновациялық (АКТ) технологияларды қолдану дағдысы қалыптасқан, коммуникативтік мәдениеті жоғары маман даярлығын қамтамасыз ету.

Дублин дескрипторлары A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Басқару психологиясы (орыс тілінде)

Бағдарлама авторы: Токжанова А.М.

Курсты оқытудың мақсаты: Использование психологических знаний магистрантами при решении проблем управления организациями в современных условиях. Формирование

профессионально значимых качеств будущих специалистов в процессе преподавания дисциплины психология управления и вооружение основами психологических теоретических знаний. Выявление психологических знаний обучающихся в современной жизни, роль и сущность процесса профессионального становления в рамках выбранной профессии, рассмотрение теоретико-методологических проблем управления в организации.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дисциплина «Психология управления» предназначена для обучающихся всех специальностей магистратуры. Знакомит магистрантов с теоретическим и эмпирическим материалом, помогает им в профессиональной деятельности диагностировать, предупреждать и разрешать конфликты в сфере образования, а также развитие способностей управления и контроля процессом деловых отношений. Междисциплинарная прикладная отрасль психологии, основной задачей, которой является изучение и решение проблем управленческой деятельности на основе психологических знаний и теорий. Дисциплина изучает и регулирует психологические закономерности организации процесса управления и взаимоотношения, возникающие между людьми в этом процессе. Рассматриваются закономерности, принципы, методы управленческой деятельности: анализируются особенности и психологические условия управленческой деятельности.

Пререквизиттері: предметы уровня бакалавриата

Постреквизиттері: Проектирование и разработка индивидуальных программ развития детей с ООП (на английском языке), Нормативно-правовое обеспечение специального образования (на казахском языке).

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Знает и понимает основные идеи, проблемы, решения, информацию, возможности искусственного интеллекта в области специального образования на уровне профессиональных компетенций;
- В) Использует основные идеи, проблемы, решения, информацию, возможности искусственного интеллекта в области специального образования на уровне профессиональных компетенций;
- С) Анализирует основные идеи, проблемы, решения, информацию, возможности искусственного интеллекта в области специального образования на уровне профессиональных компетенций;
- Д) Группирует современные технологии обучения в высшей школе инновационные достижения в области специального образования;
- Е) Оценивает современные технологии обучения в высшей школе инновационные достижения в области специального образования.

Дублин дескрипторлары

Пәннің атауы Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау

Бағдарлама авторы Исакова С.С.

Курсты оқытудың мақсаты Ғылыми-зерттеу жұмысының (ҒЗЖ) мақсаты теориялық оқыту процесінде алынған білім мен дағдыларды кеңейтіп, өзекті ғылыми мәселелерді зерттеу барысында практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Ғылыми қызметтің негізгі сипаттамалары. Лингвистикалық зерттеулер саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. Лингвистикадағы ғылыми зерттеу. Тілді зерттеу әдістері және лингвистикалық талдау процедуралары. Зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу мәселе бойынша эмпирикалық деректерді жинау және оларды түсіндіру, ғылыми мақалалар жазу.

Пререквизиттері Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі

Постреквизиттері Тіл біліміндегі неологизация мәселесі, магистрлік диссертация қорғау

Оқытудан күтілетін нәтижелер

А) оқу-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың кешенді тәсілдерін, құрылымға қойылатын талаптардың бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз етіп, зерттеу жұмысының мазмұны мен нәтижелерін ресімдей білу туралы түсінікке ие болады;

В) кәсіби ғылыми-зерттеу ойлауы қалыптасып, лингвистикалық зерттеулердің заманауи әдістерін меңгеріп, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ақпаратты іріктеп, талдай алады; Ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын және терең кәсіби білімді қажет ететін міндеттерді дербес тұжырымдап, шеше біледі.

С) ғылыми, оқу, публицистикалық әдебиеттер мен статистикалық деректерді жалпылау мен жүйелеуге үйренеді, алған білімдерін кәсіби қызметінде нақты теориялық және практикалық мәселелерді талдауда өз бетінше қолданып, пайдалана алады;

Д) ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүргізу, материалды сауатты және сенімді түрде ұсыну, тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды нақты және логикалық тұжырымдау біліктілігі қалыптасады;

Е) негізгі кәсіби міндеттер, оларды шешу жолдары туралы нақты түсінік қалыптасып, тілді, тілдік бірліктердің жүйесі мен құрылымын зерттеудің негізгі әдіс- тәсілдерін, тақырыпқа сәйкес ақпаратты жинау, алынған эксперименттік және эмпирикалық деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи технологияларын қолдану дағдыларына ие болады.

Модуль 2.1 –Тіл білімі және оқыту

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері

Бағдарлама авторы Исакова С.С. ,ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың мақсаты – мемлекеттік стандарттар мен оқу жоспарында қарастырылған болашақ магистрлерді педагогикалық тәжірибеге және жоғары оқу орындарындағы алдағы педагогикалық қызметке дайындау. Курстың қажеттілігі пән бойынша білімнің оны табысты оқыту үшін жеткіліксіздігімен анықталады. Сабақтарды өткізудің әдістемелік аспектілерін, ЖОО-да оқу процесін ұйымдастырудың қолданыстағы әдістерін, тәсілдерін, формаларын меңгеру маңызды.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жоғары мектептің болашақ оқытушыларының кәсіби дайындығы тек теориялық білімді терең меңгеріп қана қоймай, оны оқу-тәрбие процесінде беру әдістерін де қамтуы тиіс. «Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері» курсы 7М01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы бойынша білім алатын магистранттарға арналған. Бұл курстың құрылымы мен мазмұны оның ұсынылған бағдарламасында көрсетілген және білім беру дамуының қазіргі кезеңінде жоғары білімнің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттермен, сондай-ақ мемлекеттің қазіргі гуманитарлық білім берудің маңыздылығын көрсеткен тұжырымдарымен анықталады.

Курс жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздерін меңгеру үшін магистратура бітірушінің кәсіби даярлығының мазмұны мен деңгейіне қойылатын талаптармен толық таныстырады.

Пререквизиттері: Тіл біліміндегі неологизация мәселесі

Постреквизиттері: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі. Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беру және білім беруде әдістемелік білігі мен шеберлігін жүзеге асырады; қазақ тілі мен әдебиетінен білім беруде инновациялық тәжірибелерді зерттейді, қорытады, таратады; ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға қатысады және оларды өңдейді; әлемдік экономикадағы үдерістерге, әлеуметтік өмірдегі өзгермелі құбылыстарға бейімделеді, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты жаңалықтарға ілесе біледі;

теориялық және қолданбалы тіл білімі аясындағы базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана біледі;

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Тіл біліміндегі мәдени аспекті

Бағдарлама авторы Мұратбек Б.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Тілдің концептуальды сипаты, белгілі бір ұғым, құбылыс, келешек ұарастырылатын көзқарас, пікір, зерттелуі мен жаңа бағыттары туралы түсінік, тіл және мәдени тілдік бірліктерге анализ, прагматикасын танып, зерттеушілік, кәсіби бағытта қолдануға кешенді түрде білім-білігін, дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Тіл біліміндегі мәдени аспекті» пәні – тілдің толық сипатын, функциональды қызметін, тіл бірліктерінің табиғатын саралап түсіндіреді. Тіл білімінің бағыттары, түрлі ағымдары мен лингвистикалық мектептер, тілдің жүйелік, таңбалық және құрылымдық сипаты, тіл мен ойлау, сөйлеу, тілдің қызметі, әдеби тіл, тіл деңгейлері, грамматикалық категориялар, т.б. білім негіздерін меңгеру, оны келешек кәсіптерінде қолдана білуге үйрету болып табылады.

Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі.

Постреквизиттері: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі. Тіл біліміндегі неологизация мәселесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Әртүрлі ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша ғылыми-зерттеулер жасайды, зерттейді жұмысының алгоритмін меңгереді; теориялық және қолданбалы тілі білімі аясындағы базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана біледі; жаңа таныс емес жағдайларда алынған білімдерді қазақ тілі мен әдебиеті пәндері шеңберінде кіріктіріп зерттеу міндеттерін шешеді.

Модуль 2.2 –Когнитивтік лингвистика және оқыту әдіснамасы

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Дәстүрлі және когнитивтік лингвистикадағы терминдер

Бағдарлама авторы Исакова С.С. , ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: қазақ терминтанымын тілдік тұрғыдан ғана емес, когнитивтік-коммуникативтік, прагматикалық, концептуалдық, ақпараттық қырынан қарастырудың негіздерін айқындау.

Пәннің қысқаша мазмұны: терминдерді саралау, олардың айырмашылықтарын айқындау; термин туралы, оған қойылатын талаптар, терминнің табиғаты, қолданбалы терминология заңдылықтары туралы ғылыми мәліметтерді саралау; қолданбалы терминтанымның пәні, зерттеу нысанын анықтау; қолданбалы терминологиялық әрекет бағыттарын ажырату.

Пререквизиттері: Бакалавр деңгейінде оқыған тіл білімі бағытындағы пәндер

Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Таным теориясының негізгі қағидаларын білу және дәлелдеу. В) Таным теориясынан алған білімдерін қоғамтану мен кәсіби саласында қолдану дағдысы. С) Ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынастарды меңгереді. Д) Концепт түсінігін ұғынып, концептуалды талдау жасау әдістемесін меңгереді. Е) Тіл теориясындағы қарама-қайшы көзқарастарды біліп өз тұжырымын дәлелдейді.

Модуль 3.1 –Тіл білімі мен поэтика мәселелері

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Тіл біліміндегі неологизация мәселесі

Бағдарлама авторы Карагулова Б.С. , ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Магистранттарға тіл біліміндегі неологизация мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері материалдарын жинаудың, талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгерту, филология саласындағы қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін игерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Еліміздің саяси және әлеуметтік хал-ахуалы қарқынды алға басып келе жатқан кезең қоғамның әр саласына жаңалығын әкеледі. Ал қоғамда орын алып жатқан жаңалықтармен қоса, тілде де жаңа сөздер мен сөз тіркестері және жаңа терминдер пайда болады. Тілде жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуының себебі қоғам жағдайына, қарым-қатынасындағы сұраныстарға жауап беруі. Ал тілде жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оның қолданысқа енуі лингвистер назарынан тыс қалған емес. Осы бағытта қазіргі таңда қазақ тілінде пайда болған жаңа қолданыстарды зерттеу тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан тілдік қатынас филолог мамандардың әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететін, адам мен адамның түсінісуіне мүмкіндік беретін сала ретінде оқу жүйесіне енгізілді.

Пререквизиттері: Дәстүрлі және когнитивтік лингвистикадағы терминдер, Тіл біліміндегі мәдени аспекті

Постреквизиттері: Дискурстың зерттеу технологиялары, Ұлттық корпустар құрастыру әдістемесі мен тәжірбиесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Тіл біліміндегі неологизация мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері пәні бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық тұрғыда талдай біледі және біліммен ақпаратты игереді; Тіл біліміндегі неологизация мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері пәні бойынша практикалық тұрғыда талдау жасай біледі; Тіл біліміндегі неологизация мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері пәні бойынша теориялық білімді игеріп, практикалық дағды алады; Неологизация құбылысын аударма, терминология мәселелерімен сабақтастыра отырып, зерттеулер жүргізе біледі; Пән бойынша алған білімдері арқылы - эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазу, әртүрлі жанрдағы мәтіндерге талдаулар жасап, жоспар жасайды; Тіл біліміндегі неологизация құбылысы пәні бойынша заңдылықтарын толық игеріп, аталған мәселелерге қатысты практикалық тапсырмаларды орындай білу дағдысы қалыптасады, сұрыптайды, талдайды.

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Лингвистикалық имиджология

Бағдарлама авторы Исакова С.С. ,ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: «Лингвистикалық имиджология» пәнінде білім алушыларды имидж туралы түсінікпен, имидж қалыптастырудың негізгі механизмдері мен әдістерінің теориялық негіздерімен таныстыру мақсат етіледі. Білім алушылар арасында болашақ кәсіби қызметі барысында объектінің қажетті имиджін (адамның, ұйым, аймақ және т.б.) жасау бойынша дағды мен біліктерін қалыптастыруға назар аударылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Имиджологияны меңгерген әрбір адам ғажайып жасау мүмкіндігіне ие болады және жеке өзін-өзі жетілдіру тәртібін меңгереді. Қазіргі заманда мамандар арасында мұндай қажеттілікті өзекті ету өте маңызды. Технология ғылымы ретінде имиджологияның басымды мақсаты жеке сүйкімділік дағдыларын қалыптастыру – әртүрлі жастағы адамдарды имидждік біліммен қаруландыру және оларды шебер пайдалануға көмектесу, тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынастарды құру. Пәнді меңгертуде интерактивті оқыту әдістері қолданылады.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, жалпы тіл білімі

Постреквизиттері: Тіл біліміндегі неологизация мәселесі, магистрлік диссертация қорғау
Оқытудан күтілетін нәтижелер: Терең теориялық білімін практикамен ұштастырады, әртүрлі ғылыми теорияларды, оның ішінде психологиялық ғылыми теорияларды салыстыра алады, тарихи даму контекстіндегі қазіргі жай-күйін талдай алады; ғылыми-зерттеу әдістері мен әдістемесін ғылыми материалдарды талдауда қолданады; жалпы ғылыми зерттеу әдістерін меңгереді; тіл білімінің ғылыми зерттеу әдіснамасы мен әдіс-тәсілдерін меңгереді; ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарды біледі; ғылыми әдебиеттерді талдап, қорытынды жасай алады.

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Тілдің гендерлік жіктелімі

Бағдарлама авторы Шоқым Г.Т. ,ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: магистранттарды тіл білімінің гендерлік бағытының басты-басты теориялық қағидаларымен, тұжырымдарымен таныстырып, гендерлік лингвистиканың тіл ғылымында алатын орны, зерттелуі, қалыптасуы, дамуы жөнінде мағлұмат беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: GDYa7402 «Тілдің гендерлік жіктелімі» пәні курсы - жоғары оқу орындарының филолог, лингвист мамандар даярлайтын факультеттерінде оқытылатын пәндердің бірі. GDYa7402 «Тілдің гендерлік жіктелімі» - әйел тілі мен ер тілінің айырмашылығын белгілеп, олардың түрлі тілдік және әлеуметтік ортадағы сөз саптау ерекшелігін қарастырады, тіл білімінің дербес саласы гендерлік лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы, теориясы мен әдіснамасы түсіндіріледі. GDYa7402 «Гендерлік лингвистика» пәні курсы - жоғары оқу орындарының филолог, лингвист мамандар даярлайтын факультеттерінде оқытылатын пәндердің бірі. GDYa7402 «Тілдің гендерлік жіктелімі» - әйел тілі мен ер тілінің айырмашылығын белгілеп, олардың түрлі тілдік және әлеуметтік ортадағы сөз саптау ерекшелігін қарастырады, тіл білімінің дербес саласы гендерлік лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы, теориясы мен әдіснамасы түсіндіріледі.

Пререквизиттері: «Тіл тарихы», «Жалпы тіл білімі»

Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Ғылыми және теориялық ақпараттарды кәсіби түрде қолданып, бәсекеге қабілетті бола алады; тіл біліміндегі гендерлік лингвистиканың орнын және негізгі теориялық ережелерін біледі; тіл білімінің гендерлік бағыты және оның қалыптасуы туралы тұжырымдайды; өз бетінше білім іздеуі және зерттеу жүргізе алып, сөздіктермен, оқулықтармен, монографиялармен жұмыс істеуді үйренеді; Гендерлік лингвистика бойынша базалық және кәсіби бағытта қолдана алады; тіл білімінің гендерлік-лингвистикалық ерекшеліктерін біліп, оған ғылыми сипат бере алады; гендерлік лингвистика зерттеу әдістерін меңгеріп, белгілі бір саладағы ғалымдардың еңбектеріне шолу және талдау жасайды.

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Мифопоэтика

Бағдарлама авторы Сұлтанғалиева Ж.С. ,ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: қазақ фольклоры қанша уақыт кезеңінен өтсе де, заман өзгерген сайын жаңарып, ғылымның жаңа арнасы мен бағытына сәйкес дамып, арнасы жаңарып отырады. Ғылымда жаңадан қалыптасқан әдіс-тәсілдер арқылы фольклордың жаңа саласы ретінде қалыптасып келе жатқан мифтік фольклор арқылы халықтық танымның, ұлттық болмыстың, қазақы дәстүрдің, дін, тіл аясындағы мифтік сананың қалыптасу, даму кезеңдері туралы фольклор мәтіндері арқылы беріледі. Бұл пән халықтың ең ескі, балаң кезіндегі түсініктің ұлттық менталитеттің, дәстүр мен салттың, ырым мен тыйымның, жоралғының аясында көрініс табу дәстүрі жөніндегі білім мен танымды кеңейеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Мифопоэтика» курсы фольклордан туындаған қазақтың дүниетанымдық жүйесіне, халықтың ең алғашқы ойлау жүйесінің фольклорда, оның негізгі

салаларында көрініс табуына бағытталған. Ғылыми айналымға енді түсіп келе жатқанымен, бұл ғылым саласы тек фольклормен ғана байланысты емес, гносеология, этнография, ұлтық болмыс секілді ғылым салаларымен де тығыз байланысты. Мифтік фольклордың басты нысаны фольклор болғандықтан, мифтік таным тұрмыс-салт жырлары, ертегі, аңыз, хикаят, әпсана-хикаят, эпос секілді жанрлардың аясында қарастырылады. Мифтік сана халықтық дәстүр, салтта ғана емес, сонымен бірге, дін, тіл, танымның тілдік модельге айналған түрі – символда да кездеседі. Мифтік фольклор саласының аясында образдар жүйесі, халықтық таным, мифологияның жіктелуі, мифтердің классификациясы, мифтік сюжеттер мен мотивтер секілді түсініктер қарастырылады.

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиет теориясы.

Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында, жоғары оқу орындарында, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беру және білім беруде әдістемелік білігі мен шеберлігін жүзеге асырады.

Б. Қазақ тілі мен әдебиетінен білім беруде инновациялық тәжірибелерді зерттейді, қорытады, таратады. С. ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға қатысады және оларды өңдейді. Д. жаңа таныс емес жағдайларда алынған білімдерді қазақ тілі мен әдебиеті пәндері шеңберінде кіріктіріп зерттеу міндеттерін шешеді. Е. тілдік мәселелерді психологиялық диагностика әдістерімен шеше білуді игереді.

Модуль 3.2 – Қазіргі тіл білімі мен әдебиетінің өзекті мәселелері

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі

Бағдарлама авторы Тектіғұл Ж.О. ,ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісінің пәндік критерийлері мен қағидаларын, тарихи даму үрдісін, зерттелу бағыттарын, теориялық және қолданбалы негіздемесін, ғылыми аппаратымен қоғамдық ғылымдар арасында ерекше орнын ажырату

Пәннің қысқаша мазмұны: қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктердің аспектілерін айқындау; тілдің сөздік қоры, тілдік құбылыстары теориялық тұрғыдан саралау; қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктердің теориялық-әдістемелік базасына талдау жасау, зерттеу шеңберін кеңейту, дамыту.

Пререквизиттері: Тіл біліміндегі неологизация мәселесі, Көркем әдебиет жанрларының типологиясы

Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) әртүрлі ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша ғылыми-зерттеулер жасайды, В) зерттейді жұмысының алгоритмін меңгереді; С) теориялық және қолданбалы тіл білімі аясындағы базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана біледі; Д) тілдің қызмет ету мәселелерін, оның түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі мәдениеттерде қолданылу ерекшеліктерін, коммуникативтік тәртібін біледі; Е) жаңа алынған білімдерді қазақ тілі мен әдебиеті пәндері шеңберінде кіріктіріп зерттеу міндеттерін шешеді.

Дублин дескрипторлары

Пәннің атауы Кеңістік пен уақыт аралығындағы түркі лингвофилософиясы

Бағдарлама авторы Карагулова Б.С. ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Түркі лингвофилософиясының кеңістік пен уақыт арасындағы байланысын зерттеу. Студенттерге тіл философиясының негізгі тұжырымдарын таныстыра отырып, түркі тілдерінің кеңістік және уақытқа қатысты

түсініктерін ашу. Лингвистикалық және философиялық әдіснаманы үйлестіре отырып, студенттердің ғылыми талдау дағдыларын дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән түркі тілдерінің философиялық негіздерін, оның ішінде кеңістік пен уақыт ұғымдарын терең зерттеу арқылы тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысқа назар аударады. Түркі тілдеріндегі кеңістік пен уақыт категорияларының тілдік көрінісін қарастырып, түркі мәдениетінде осы түсініктердің философиялық және лингвистикалық аспектілерін талдайды. Студенттер тілдің уақыт пен кеңістікке қатысты концептуалды құрылымдарын зерттеу барысында түркі мәдениеті мен философиясының терең қабаттарына үңіле алады.

Пререквизиттері Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі, Қазіргі қазақ тілі

Постреквизиттері Тіл білімінің философиялық-әдіснамалық мәселелері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Терең теориялық білімін практикамен ұштастырады, әртүрлі ғылыми теорияларды, оның ішінде салалық ғылыми теорияларды салыстыра алады, тарихи даму контекстіндегі қазіргі жай-күйін талдай алады.;

В) Әдебиеттану, әдебиет тарихы, әдебиет сыны және лингвистика саласында кәсіби құзыреттіліктерін дамытады; С) Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдістемесін ғылыми материалдарды талдауда қолданады; Д) Зерттелетін саладағы мәселелерді анықтауға, жүйелі ойлау негізінде әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып, стратегияларды, тәсілдерді және оларды шешу жолдарын анықтауға қабілетті; Е) Кәсіби белсенділікті, конструктивті-әдістемелік қызметті дамытады;

Мамандық атауы және шифры: 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті

Оқу мерзімі: 2 жыл

Қабылдау жылы: 2023

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 4 – Тіл білімі мен әдебиеттегі ғылыми зерттеудің негізгі мәселелері				
КП ЖК	KDP 6304	Қазақ драматургиясының поэтикасы	3	5
КП ЖК	AAA 6305	Абайдың әдеби әлемі	3	5
	PP	Педагогикалық практика	3	5
	ZP	Зерттеу практикасы	3	10
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3	5
Модуль 5.1 –Филология негіздері, практика және қорытынды аттестаттау				
КП ТК	КТМОА 6306	Қазақ тілінің морфонологиясын оқыту әдіснамасы	4	5

КП ТК	KATBU 6307	Қазіргі әдебиеттанудағы белсенді үдерістер	4	5
	ZP	Зерттеу практикасы	4	9
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	4	3
Модуль 2.2 –Әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелері				
КП ТК	SOA 6306	Сингармонологияны оқыту әдіснамасы	4	5
КП ТК	FAOM 6307	Филология мен әдебиеттанудың ортақ мәселелері	4	5
	ZP	Зерттеу практикасы	4	9
	MGZZh	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	4	3

Модуль 4 – Тіл білімі мен әдебиеттегі ғылыми зерттеудің негізгі мәселелері

Дублин дискрипторлары (А,В, С,Д, Е)

Пәннің атауы Қазіргі драматургияның поэтикасы

Бағдарлама авторы: PhD., доцент А.С.Кушкимбаева

Курсты оқытудың мақсаты: қазіргі қазақ драматургиясының көркемдік ерекшелігін, идеялық-тақырыптық ауанын анықтап, поэтикасын, стиль мәселесін көрсетіп, жаңашылдығын, дәстүр сабақтастығын саралау, жанрлық-поэтикалық үрдістерді ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы драмалық шығармалардағы авторлық таным, стильдік даралық және ортақ тақырыптық сипаттарды айқындау болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны. сахнадағы сөз өнері, сахна тілі образ тудырудың құралы, идея және көркем шындық, жанр формасы т.б.драмалық шығармалардағы кейіпкер бейнесінің жасалу ерекшелігін талдайды; сюжет қалыптастыру, сөйлем түзу, композициялық қағидалардың өзіндік ерекшеліктерін салыстырады; сахнадағы шығармашылық әдіс пен драматург стилін бағалау.

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиет теориясы.

Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) ұлттық сөз өнері эстетикасының ерекшеліктері;

В) көркем шығарманың құрылысы; шығармашылық процесс психологиясы;

С) көркем шығарманы талдаудың кибернетикалық негіздері;

Д) жалпы әдеби процесті тұтастай алып түсіну;

Е) қорытынды жасаудың талаптарын қарастырады.

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы Абайдың әдеби әлемі

Бағдарлама авторы: Пангереев А.Ш. ,ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты (оқу бағдарламасына сәйкес): Абай Құнанбаевтың ақындық әлемін зерттеудің көкейкесті міндеттерін айқындайтын, оны мейлінше жан-жақты, ғылыми негізде саралайтын маман қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Абайдың Шығысы мен Батысы жайлы М. Әуезов зерттеулерінің кезеңдік өзгерістері, Абайдың ақындық әлемін зерттеудің көкейкесті міндеттері, Абайтану тарихының ғылыми құнды нәтижелері, ақын мұрасының қазіргі кезеңдегі ұлттық руханияттағы орны және т.б. мәселелерін талдау

Пререквизиттері: XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті

Постреквизиттері: Докторантурада оқытылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Абай Құнанбаевтың ақындық әлемін зерттеудің көкейкесті міндеттері

В) Абайтану тарихының ғылыми құнды нәтижелерін сыни баға беруде қолданылады.

С) Абайтану тарихының ғылыми құнды нәтижелерінің қазіргі әдебиеттегі көрінісі..

Д ақын мұрасының қазіргі кезеңдегі ұлттық руханияттағы орны
Е) Абайдың Шығысы мен Батысы жайлы М. Әуезов зерттеулерінің кезеңдік өзгерістері туралы.

Модуль 5.1 –Филология негіздері, практика және қорытынды аттестаттау

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазақ тілінің морфонологиясын оқыту әдіснамасы

Бағдарлама авторы: Садуақас Н.А., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: КТМОА-6306 «Қазақ тілінің морфонологиясын оқыту әдіснамасы» пәні, оның зерттеу нысаны мен ерекшеліктерін түсіну; Қазақ морфонологиясының зерттелуін, морф, морфонема және оның қызметі, морфонология біріктері мен терминдерін білу; Қазақ тілінің морфонологиялық заңдылықтары, фонология мен морфологиядан ерекшелгі, морфонологиялық дыбыс алмасулары, сөз құрылымының ықшамдалуы мен ұлғаю амалдары туралы теориялық білімдерді игертіп, морфонологиялық талдау жасау жолдарын меңгертіп, морфонология деректерін практика жүзінде келешек кәсіптерінде қолдана білуге және оны оқыту әдіснамасы жайынан ғылыми білім негіздерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: КТМОА-6306 «Қазақ тілінің морфонологиясын оқыту әдіснамасы» пәні, оның зерттеу нысаны, фонология мен морфологиядан ерекшеліктерін, қазақ морфонологиясының зерттелуі, морф, морфонема және оның қызметі, морфонологиялық дыбыс алмасулары, сөз құрылымының ықшамдалуы мен ұлғаюы, морфонология біріктері мен терминдері туралы теориялық талдау жасап, морфонологияның әдіснамасын қарастырады. Магистранттардың қазақ тілі морфонологиясын оқыту әдіснамасы заңдылықтарын меңгеріп, морфонология туралы теориялық білімі мен практикалық дағдысын қалыптастыруына, ғылыми зертту жүргізіп, морфонологиялық талдау жасауына мүмкіндік беріліп, білім беру мен оқыту барысында ғылыми талдау, интер белсенді, т.б. қазіргі жаңа әдістер қолданылады.

Пререквизиттері: ЖОО бакалавриат бағдарламасында игерген лингвистикалық пәндер;

Постреквизиттері: Лингвистикалық пәндерді оқытудың әдіснамалық негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Қазіргі қоғам дамуындағы ақпараттың мақсаты мен мәнін, негізгі ақпараттық қауіпсіздікті түсіну қабілеттілігін игереді, оның ішінде мемлекеттік қызығушылық пен құндылықты сақтайды; Морфонологияның зерттеу нысаны, өзіндік белгілері мен заңдылықтарын оқып-үйреніп, морфонологияның фонетика мен морфологиядан өзгешелігін ажырату, оның басқа ғылыми саладан ерекшеліктерін білу, дыбыс өзгерістері мен сәйкесімдерді, ықшамдалу мен ұлғаю амалдарын тану, қыстырма дыбыстарды анықтау, сөз тұлғаларының морфонологиялық өзгерістерінің ғылыми заңдылықтары жөнінде біліктілік қалыптастыру; Морфонологиядағы бірліктердің қызметін, морф және морфонема, сөздің ықшамдалуы мен ұлғаю амалдары, үнем принципі, селбеспелі және қонар дыбыстар, қыстырма дыбыстар туралы теориялық біліммен қатар морфонологияны оқыту әдіснамасы жөнінде практикалық талдау жұмыстарына дағдыланады. Морфонология заңдылықтарын ақпараттық – технологиялық тұрғыда талдай білу, білім мен ақпаратты игере білу, практикалық тұрғыда талдау жасау, морфонология мәселелері бойынша зерттеу жүргізе білу т.б. тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілікке қол жеткізіледі;

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазіргі әдебиеттанудағы белсенді үдерістер

Бағдарлама авторы: Пангереев А.Ш. ,ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты (оқу бағдарламасына сәйкес): әдіснамалық негізін айқындау, әдебиеттану ғылымына тәуелсіздік әкелген жаңалықтар мен өзгерістерді саралау;

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): соңғы жылдары жарық көрген зерттеу еңбектерінің бағыты мен мәнін ғылыми-теориялық, әдіснамалық сипатын талдау әдебиет тарихы, теориясы, сынына қатысты ізденістерді жинақтау; тақырыпты негіздеп, материал жинауда зерттеудің салыстырмалы талдау әдістерін қолдану; соңғы жылдары жарық көрген еңбектердің библиографиясын жасау.

Пререквизиттері: XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті

Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару,

В) түсіну, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу;

С) және алып тасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету;

Д) осымен қатар бұл курстың утилитарлық ой мақсатының бірі - сыншылық қабілеті бар студенттерді осы қиын да абырлы жолға түсіру

Е) пәнді оқыту барысында шәкірттерді қазақ әдеби сынының пайда болу, қалыптасу жолдарынан, өткен ұзақ тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншыл ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту.

Модуль 2.2 –Әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелері

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Сингармонологияны оқыту әдіснамасы

Бағдарлама авторы Садирова К.Қ. , ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: Сингармонологияның негізгі теориялық және әдіснамалық аспектілерін түсіндіріп, оның тілдік жүйедегі рөлін айқындау арқылы студенттерді сингармонологиялық әдіс-тәсілдермен таныстыру. Студенттерге сингармонологияны тіл біліміндегі зерттеу әдісі ретінде қолдана отырып, осы саланың негізгі тұжырымдарын оқыту дағдысын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән сингармонологияның теориялық негіздерін және оның тіл біліміндегі маңыздылығын зерттеуге арналған. Сингармонологияның тілдегі дыбыстық заңдылықтар мен жүйелерді түсінудегі рөліне назар аударады. Пән аясында сингармонологиялық талдаудың әдіс-тәсілдері мен оның басқа лингвистикалық бағыттармен байланысы қарастырылады. Студенттер сингармонологиялық анализдер мен зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын игеріп, теория мен практиканы ұштастыра отырып, тілдегі дыбыстардың үйлесімін түсінуге үйренеді.

Пререквизиттері: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі, Тіл біліміндегі неологизация

Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Студенттер сингармонологияның теориялық негіздері мен әдіснамасын игеріп, оны тілдік талдауда қолдана алады. В) Сингармонологиялық талдауды жүзеге асырып, тілдің дыбыстық құрылымдары арасындағы үйлесімділікті анықтайды. С) Сингармонология мен тілдің фонетикалық жүйесінің өзара байланысын түсінеді, сондай-ақ тілдің дыбыстық заңдылықтары мен олардың қолданылу ерекшеліктерін талдай алады. Д) Сингармонологияны оқыту әдістемесін меңгеріп, ғылыми пікірталастарға қатысып, зерттеулердің бастапқы нәтижелерін түрлі деңгейдегі академиялық басылымдарда жариялайды. Е) Тілдің дыбыстық заңдылықтары мен фонетикалық жүйелерінің әлеуметтік және мәдени аспектілерін зерттей отырып, олардың тілдік қызметіне қалай әсер ететінін бағалай біледі.

Дублин дискрипторлары (А,В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Филология мен әдебиеттанудың ортақ мәселелері

Бағдарлама авторы Садирова К.Қ. , ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты: филологияның жеке салаларының - бүтіннің бөлшегі екендігін синтездей алу дағдысын қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: қазіргі филологиядағы жетекші парадигмалар мен теориялық-әдіснамалық аппараттар, әдебиет тарихындағы негізгі мектептер мен бағыттардың пайда болу көздері, әдеби шығарманы жалпы адамзаттық құндылықтардың аксиологиясы ретінде қарастыру; көркем туындының гносеологиялық табиғатына назар аудару; көркем шығарманы оқып талдағанда мысалдармен ұштастырып дәлелдеу

Пререквизиттері: Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі, Тіл біліміндегі неологизация

Постреквизиттері: Докторантурада оқылатын пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беру және білім беруде әдістемелік білігі мен шеберлігін жүзеге асырады; В) ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырады С) қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға қатысады Д) және оларды өңдейді; академиялық және кәсіби ортада ғылыми пікірталастарға қатысу қабілеті, сондай-ақ зерттеулердің бастапқы нәтижелерін түрлі деңгейдегі академиялық басылымдарда жариялайды Е) тілдің қызмет ету мәселелері, оның түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі мәдениеттерде қолданылу ерекшеліктерін оқытуда тиімді қолданудың маңызын бағалай біледі.

Кафедра меңгерушісі

Абдирова Ш.Г.